


АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Айқындық және ресмилік талабы





Айқындық

(i) Келісімшарт және оның жекелеген ережелері практикалық және коммерциялық айқындық талаптарына сәйкес болуы тиіс. Ережелердің айқын болмауы салдарынан: келісімшарт толықтай жарамсыз болып танылуы; келісімшарт ішінара жарамсыз болып танылуы мүмкін; немесе арнайы юрисдикция соты келісімшартты заттай орындату сияқты құқықтық қорғау құралын қолданудан бас тартуы мүмкін. Дегенмен, әдетте, жасалған келісімде тараптардың маңызды мәселелер, мысалы, келісімшарттың мәні бойынша уағдаластыққа келгені айқын көрсетілсе жеткілікті.

(ii) Тараптар бос қалдырып кеткен жерлерді (мысалы, бағаны белгілеу) қандай да бір үшінші тарап толтыра алады деп көрсеткен жағдайда, мұндай шартқа түсіндірме беру мақсатында қалыптасқан коммерциялық жағдай негізге алынып, келісуші тараптардың қарым-қатынасына өзге (үшінші) тараптың араласып, шешім шығаруы қажет-қажет еместігі айқындалады.

Айқындық. Арнайы юрисдикция соты нақтылауды қажет ететін мәселелерді келісімге қол жеткізу мақсатын көздеп қарастырады. Мұндай ұстаным әсіресе болжалды келісімге сай іс-шаралардың елеулі бөлігі атқарылған кезде қолданылады. Алайда арнайы юрисдикция соты келісуші тараптардың келісімшарт ережелеріне немесе қандай да бір нақты ережеге қатысты келіссөздер жүргізу құқығына ие екендігі туралы анық ескертпесінің күшін жоя алмайды. Дегенмен, тауарлар жеткізілген немесе қызметтер көрсетілген болса, реституциялық құқықтық қорғау құралдары қолданылуы мүмкін.

Толық еместік. Мысалы, *May & Butcher* компаниясының *Коронаға қарсы ісі (1927)* бойынша қабылданған шешімге сай, белгілі бір затты сату туралы келісім, сату бағасы кейін келісілетіні туралы уағдаластық қана болғандықтан, міндетті заңдық күші бар сатып алу-сату туралы келісімшарт жасалғанын білдірмейді. Өйткені тиісті талаптар орындалмаған.

Жеткілікті айқындық. Мысалы, *Hillas & Co* компаниясының *Arcos Ltd* компаниясына қарсы ісін (1932) қараған Лордтар Палатасы «қайта жасалған» келісімшарттың болғанын растады. 1930 жылы ойдағыдай жеткізілген ағаш материалдарының спецификациясында 1931 жылы қайта жасалатын мәмілеге қатысты жеткілікті коммерциялық нұсқаулар айқындалған болатын.

Апелляциялық соттың *Jet2.com Ltd* компаниясының *Blackpool Airport Ltd* компаниясына қарсы ісі (2012) бойынша шығарған шешіміне сай, аталған әуежай ұшу ақысы арзан әуе компаниясының *Blackpool Airport* әуежайында екіжақты келісімшарт бойынша қызмет етуіне қажетті жағдай жасауға барынша күш жұмсауға міндеттенген. Жасалған келісімшарт талаптарына сәйкес, *Blackpool Airport* әуежайы *Jet2* компаниясының әуе кемелері қозғалысына қалыпты жұмыс уақытына сай шек қоя алмайды.

Didymi Corporation компаниясының *Atlantic Lines and Navigation Co Inc* компаниясына қарсы ісін (1988) қараған Апелляциялық сот, қолданылған критерий біршама түсініксіз болғанына қарамастан, жалдау ақысының өзгеруі туралы ереженің дұрыстығын растады. Іске қатысушы тараптар кеме фрахты туралы келісімшарт жасасқан. Бастапқы жалдау ақысы келісілген болатын. Алайда келісімшартта аталған соманың кеме жылдамдығы мен өнімділігіне сәйкес көбеюі не азаюы мүмкін екендігі көрсетілген еді. Құжатта тараптар жалдау ақысын «әділдік» қағидасын ескеріп, «өзара келісіп» өзгертуі қажет деген талап қарастырылған. Кеме иелері сол ақыны көтеруді талап еткен. Жалға алушы тарап ақының өзгеруі туралы ереженің жарамсыз екенін алға тартты. Апелляциялық сот біршама оптимистік ұстанымды басшылыққа алып, «әділдік» сөзі дауға себеп болған жалдау ақысы мәселесін объективті түрде бағалауға мүмкіндік беретін анық критерий бола алады деп ұйғарды.

Малкольмнің Оксфорд Университетінің канцлері, магистрлері мен ғалымдарына қарсы ісі (1994) бойынша шығарылған шешімге сай, тараптар ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау туралы келісім талаптарын кейін жазбаша түрде бірге айқындауға уағдаласқанына, сондай-ақ сол жағдайда ғылыми еңбекті басып шығару туралы түпкілікті шешімді, әдетте, аталған университеттің баспа істері жөніндегі аға кеңесшілері қабылдайтыны анық болғанына қарамастан, телефонмен сөйлескен кезде зерттеу нәтижелері жарияланады деп айқын міндеттеме алудың өзі жеткілікті болған. Соттың талап арыз беруші шағымын қанағаттандырып, осындай шешім шығарғаны таңғаларлық жайт еді. Бұл іс – сот кітап басып шығару жөнінде ауызша жасалатын келісімдерге қатысты мәселелердің шешілмей келе жатқан түйткілді тұсары бойынша батыл ұйғарым шығарған айрықша мысал.

Толық айқын болмау. Апелляциялық соттың *Sulamerica Cia Nacional de Seguros SA* компаниясының *Enesa Engenharia SA* компаниясына қарсы ісі (2012) бойынша шығарған ұйғарымына сай, медиация туралы келісім мына шарттар сақталғанда ғана ағылшын құқығына сай заңды күшке ие болады: (i)



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы
Дәріс: Айқындық және ресмилік талабы
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

медиация туралы ескертпенің ақырғы редакциясы қабылданған болуы, сондықтан осы ескертпе талаптары жөнінде қосымша келіссөздер жүргізудің қажеті болмауы тиіс; (ii) аталған ескертпеде медиация қызметін көрсететін тарап айқындалған немесе оның қалай тағайындалатыны көрсетілген болуы тиіс; және (iii) медиация қызметін көрсететін тараптың ережелеріне сай немесе келісуші тараптар өзара уағдаласып айқындаған медиация процесі бекітілген болуы тиіс. Медиация туралы ескертпеде бұрыннан қолданылып келе жатқан, ресми «үлгілік» медиация ережелері негізге алынатыны көрсетілген жағдайда айқындық проблемасы туындамайды.

Барбудев ісін (2012) қараған лорд-судья Айкенс Уолфордтың Майлсқа қарсы ісі – тараптардың келісімге келу туралы келісімінің (an agreement to agree) адал не ақылға қонымды жолмен келіссөз жүргізуді көздейтін келісім деп көрсетілгеніне қарамастан, міндетті заңдық күші болмайды деген тұжырымға қатысты міндетті сот прецеденті екенін растаған. Талап қою күші бар «шек қоюшы келісімге» қол қойған тараптар үшінші тараптармен бәсекелес «келіссөздер» жүргізбеуге міндетті. Бұл талаптың жарамды болуы үшін келісімшартта нақты шек қою мерзімі көрсетілуі керек, оны, мысалы, «ақылға қонымды мерзім» немесе «қажет болғанша» деген жалпылама сөздермен сипаттауға болмайды.

Emirates Trading Agency LLC компаниясының Prime Mineral Exports Private Ltd компаниясына қарсы ісін (2014) қараған судья Тир Уолфордтың Майлсқа қарсы ісі (1992) бойынша қабылданған шешімнің дауларды реттеу туралы ескертпеге қатысты қолданылмайтынын атап өткен. Тараптар жасасқан келісімшартта мерзімі төрт аптадан аспайтын келіссөздер жүргізу туралы ереже болған. Судья Тир Emirates ісіне қатысты аталған ережеге сай, істі арбитражға беру алдындағы міндетті алғышарт ретінде тараптардан «жылы шыраймен» келіссөздер жүргізуді талап етті. Ол істі арбитражда қарамас бұрын келіссөздер жүргізу туралы ереже талаптарын орындау керек деп шешті; бұл ереже бойынша, келісуші тараптарға «дауды реттеу мақсатында істі әділ әрі адал түрде талқыға салу» міндеті жүктеледі.

Үшінші тараптың араласуы. Бағаны бағалаушылар алқасы белгілейтін жағдайларда, қандай да бір тарап бағалаушыларды тағайындауға қатысудан бас тартса, **Тауарларды сатып алу-сату туралы 1979 жылғы заңның (Sale of Goods Act 1979) 9(2)-бөліміне сай, өз міндеттемелерін орындамаған тарап келтірілген залалды өтеуге тиіс.** Жалпы құқық қағидаларына сәйкес, Sudbrook Trading Estate Ltd компаниясының Эгглтонға қарсы ісі (1983) бойынша шығарылған шешімде сот қажетті қорғау механизмдерінің қолданылуын қамтамасыз ете алады делінген. Sudbrook ісінің мәні: жылжымайтын мүлікті жалға алған тараппен жасалған келісімшартта жалға алушы мүлікті жалға берушіден кейін сатып ала алады, ал сату бағасын қос тарап тағайындаған бағалаушылар белгілейді делінген болатын. Жалға алушылар мүлікті сатып алу мүмкіндігін іске асыруға әрекеттенді, алайда жалға беруші тарап бағалаушыны тағайындаудан бас тартты.

Дегенмен мұндағы басты мәселе келісуші тараптардың үшінші тарап ойдағыдай шығарған шешім жасалған мәміленің қалай іске асатынын айқындайды деп шарттасқанына-шарттаспағанына байланысты болды. Олай болса, сот бұл іске араласып, тараптардың өздері нақтыламай кеткен мәселелерді шешіп бере алмайды.

Мысалы, Джиллаттың Sky Television Ltd компаниясына қарсы ісін (2000) қараған Апелляциялық сот жекеменшік компания акцияларының «ашық нарықтық құнын» «дипломы бар тәуелсіз бухгалтер» анықтайды деген талапқа қатысты ұйғарым шығарған. Сот бұл талапты «маңызды механизм» деп таныды. Бұған қоса, ешбір тарап «дипломы бар тәуелсіз бухгалтер» тағайындауға қажетті қадамдар жасамаған, сондықтан белгіленген механизм талап арыз берушінің еркінен тыс себептермен «істен шықты» деуге негіз жоқ. Қалай болғанда да, сот акциялар құнын белгілеу тәртібін анықтауға қажетті объективті критерий жоқ деген ұйғарым шығарды. Жекеменшік компания акцияларының құнын түрлі әдістер көмегімен анықтауға болады: активтердің құнын, табысты, дисконтталған ақша ағынын немесе осы аталғандардың жиынтығын есепке алу.

Жазбаша келісімшарт жасасу қажет айрықша жағдайлар

Келісімшарттардың көбісі жазбаша жасалмаса да жарамды. Төмендегі мәмілелер міндетті түрде жазбаша түрде жасалуы тиіс:

- (a) жерге қатысты кейбір мәмілелер (Меншік құқығы туралы (түрлі ережелер) 1989 жылғы заңның (Law of Property (Miscellaneous Provisions) Act 1989) 2-бөліміне сай);
- (b) борыштық кепілдіктер (guarantees of debts);
- (c) чектер, аударма вексельдер (bills of exchange), кепілхаттар (bills of sale);



- (d) кейбір кредиттік келісімдер;
- (e) Арбитраж туралы 1996 жылғы заң мақсатына сай (99-бап) арбитраж туралы келісімдер (Англия және Уэльс, сондай-ақ Солтүстік Ирландия);
- (f) теңіз сақтандыруы туралы келісімшарт;
- (g) түрлі тұтынушы келісімдері (тұтынушыларға қатысты қашықтықтан немесе үйде жасалған келісімшарттар, жөнелтілім жолдау туралы келісімшарттар, таймшер және демалысқа арналған үй-жай жөніндегі келісімдер, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттерге қатысты мәмілелер, талап арыздарды қарастыру тәртібі);
- (h) юрисдикция туралы ескертпелер.

Ресми шарттар мен кепілдіктерге біржақты тәртіппен өзгертулер енгізу. Басқа тараптың рұқсатынсыз елеулі өзгертулер енгізілген ресми шарт немесе кепілдік жарамсыз болып саналады.

Жасалған келісімде қарастырылған ресми талаптар. Тараптар жасасқан келісімшартта одан кейін жасалатын келісімшарт жазбаша түрде ресімделуі тиіс (және оған келісуші тараптар немесе олардың сенімді өкілдері қол қоюы тиіс) деген талап болуы мүмкін.

Жазбаша келісімшарт жасасу қажет айрықша жағдайлар. Хэдлдің Кемпке қарсы ісі (1999) немесе «Шпандау балле» ісі: тараптар арасындағы жайт біраз уақыт бұрын орын алған және олардың бір-біріне қатысты ауызша міндеттеме алғанын нақты растау мүмкін болмады, сондықтан сотқа ауызша келісімшарт жасалғанын-жасалмағанын анықтау қиынға түсті.

Кепілгердің өз агентіне ұшы жіңішке/сиямен жазатын автоматтандырылған қол қою машинасы (факсимиль) көмегімен қол қоюға рұқсат берген жағдайда аталған қолдың жарамды болуы мүмкін деген мәселеге қатысты: Гордон Рамси ісі бойынша судья Морган шығарған шешімнің 7-параграфында қаралған істегі қарсы тарап дәйектерінің дұрыстығы мойындалғанына назар аударыңыз. Бұл істе «қол қоюшы» тарап, шынымен, ресми шарт жасасуға рұқсат беруді көздеген.

Ресми шарттар мен кепілдіктерге біржақты тәртіппен өзгертулер енгізу. Мысалы, Habibsons Bank Ltd банкінің Standard Chartered Bank (Hong Kong) Ltd банкіне қарсы ісін (2010) қараған Апелляциялық сот жазбаша келісімшартқа біржақты түрде елеулі өзгертулер енгізілген болса, бұған қатысы жоқ үшінші тарапқа залал келетініне қарамастан, аталған құжат жарамсыз болып қалады және оны келісімшарт бойынша талап арыз беруге немесе сотта өз ұстанымын қорғау үшін қолдануға болмайтынын атап өткен.

Жасалған келісімде қарастырылған ресми талаптар. Тараптар жасасқан келісімшартта одан кейін жасалатын келісімшарт жазбаша түрде ресімделуі тиіс деген талап болуы мүмкін. Мысалы, Браунның Райсқа қарсы ісінде (Brown v. Rice) (2007) атап өтілгендей, медиация туралы келісімдерде, әдетте, міндетті сипаттағы мәмілелер жазбаша жасалып, оларға келісуші тараптар не олардың өкілеттік берілген өкілдері қол қоюы тиіс деген талап болады. Сонымен қатар осындай ресми талап туралы ескертпеде медиация жөніндегі кездесу(лер) аяқталған кезде жасалатын, бірақ осы кездесуден кейін белгіленген мерзім ішінде қабылдауға ашық деп жарияланған офертаны акцептілеу тәртібі айқындалады. Алайда мұндай ресми келісім жарамсыз деп танылған немесе өзгертілген болып көрсетілуі мүмкін. Келісуші тараптар кейін жасалған келісімде объективті себептерге сай аталған талаптан бірлесіп бас тартуы да мүмкін.

Ресми шарттар немесе мөр қойылған шарттар

Ыңғайласпа қанағаттандыруды талап етпейтін міндеттеме мынадай жағдайларда ресми шарт деп танылып, міндетті заңдық күшке ие болады. Ресми шарт, яғни deed дегеніміз – құқықтың пайда болуын растайтын, куәландыратын жазбаша түрдегі құқықтық құжат, немесе мөр қойылған шарт – covenant:

- (a) тиісті міндеттеме жазып көрсетілген құжатқа борышкер қол қойғанда;
- (b) осы қойылған қолды үшінші тарап куәландырғанда (attestation);
- (c) ресми шарт қарсы тарапқа – кредиторға «жеткізілгенде» (әдетте оған нақты табысталғанда).

Меншік құқығы туралы (түрлі ережелер) 1989 жылғы заңның (Law of Property (Miscellaneous Provisions) Act 1989) 1(2) және 1(3)-бөлімінде ресми шарттар жасасу тәртібі айқындалған.

Жоғарыдағы айтылған борышкер «қол қоюға» тиіс дегенге келер болсақ, Гордон Рамсидің Лавқа қарсы ісін (2015) қараған судья Морган әйгілі аспаз жарамды ресми шарт жасасқан, сол шартқа сай ол жалға беру мәселесі бойынша өз компаниясына жеке кепілдіктер берген деп шешті. Аталған шартқа Рамсидің өзі қол қоймаған, оның қолы ұшы жіңішке және сиямен жазатын автоматты факсимиле машинасы



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы
Дәріс: Айқындық және ресмилік талабы
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

көмегімен қойылған. Автоматты түрде қол қоятын бұл машинаны қол қоюшы менеджерінің өзі іске қосқан. Іске қатысушы тараптар мойындағандай, Рамси мырзаның менеджерінің нақты осы жағдайда қол қою машинасын қолдануға рұқсаты болғандықтан, қойылған қолдың заңды күші бар, ол жарамды деп саналады. Осы фактілер бойынша, қойылған қолдың дұрыс куәландырылғаны да расталды. Судья Морган тиісті тарапқа нақты өкілеттіктер берілген деп тапты. Сондықтан аталған ресми шарттың заңды күші бар.

Куәландыруға келер болсақ, куәландыруға әрекет жасалған болуы тиіс, яғни қол қойылғанын көрген, оны танығанын растап, тиісті жазбаша мәлімдеме жасайтын куәгер болуы керек.

Борышкер шартқа қол қойғанда тиісті «куәгер» болмағандықтан, куәландыру жарамсыз болып танылған күннің өзінде, ресми шарт жалған түсінікке негізделген эстоппель қағидасына сай жарамды болып танылуы мүмкін. Бұл істе арнайы юрисдикция соты мөр қойылған шарттың заңды күші бар екеніне борышкердің «іс-әрекетіне» қарап сенген кредитордың талабын қолдайды. Апелляциялық соттың Шахтың Шахқа қарсы ісі (2001) бойынша шығарған шешіміне сай, борышкердің кредиторға толыққанды емес ресми шартты (ресми шарт дұрыс куәландырылмағандықтан, толыққанды емес) жеткізуі жалған түсінікке негізделген эстоппель болып табылады. Куәгер борышкер құжатқа қол қойып жатқанда сол борышкер отырған бөлмеде болмаған. Яғни куәгер қол қойылғанын өз көзімен көрмеген, бұл жайт Меншік құқығы туралы (түрлі ережелер) 1989 жылғы заңның 1(3)-бөлімінде көрсетілген талаптарға қайшы келеді. Ресми талаптар бойынша жарамсыз болатын бұл ресми шарт аталған эстоппель қағидасына сай жарамды деп танылды. Кредитор ресми шарттың заңды күші бар деген болжаммен қарсы тараптың жасаған мәлімдемесіне «сенім артқан».

Керісінше, борышкердің қол қойғанына қарамастан, мүлде куәландырылмаған құжат эстоппель қағидасына да сай ресми шарт болып танылмайды. Бұл жағдайда жасалған ресми шарт түпкілікті жарамсыз болады, өйткені мөр қойылған бұл шартқа борышкердің қол қойғанын куәландыру үшін ешқандай әрекет жасалмаған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. N Andrews, *Contract Law* (2nd edn, Cambridge, 2015), chapter 4; J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 3-13 to 3-17; K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), 8.12 to 8.15; G McMeel, *The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification* (2nd edn, Oxford, 2011), chapter 14
2. Form generally: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), Part II
3. Law of Property (Miscellaneous Provisions) Act 1989, section 2: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 5-05 ff;
4. Guarantees: G Andrews and R Millett, *Law of Guarantees* (6th edn, London, 2011), chapter 3; JC Phillips, *The Modern Contract of Guarantee* (2nd edn, English edn, London, 2010), chapter 3; J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 6-07 ff
5. Cheques and bills of exchange: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 5-36
6. Certain credit agreements: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 5-32
7. Arbitration agreements: Andrews on Civil Processes (Cambridge, 2013), vol 2: Arbitration and Mediation, chapters 9 and 10
8. Marine insurance: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 6-19
9. Agreements in these contexts: estate agents, claims management, distance or doorstep contracts affecting consumers, package travel contracts, timeshare and certain types of holiday accommodation: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 5-33, 5-34, 5-35, 5-37, 5-38
10. For miscellaneous contexts where a written set of terms is required, but their absence does not invalidate the agreement itself: J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 5-39.
11. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), chapter 7